



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН АРАБ ЕЛДЕРІНІҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ОРНАТУДАҒЫ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Мустафаев Бауыржан Жумашевич

baurzhanmistafa@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Аймақтану» мамандығының докторанты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – К.Г.Даркенов

Қазақстан Республикасы мен араб мемлекеттері арасындағы тең құқылы ынтымақтастық пен сыртқы саяси қатынастардың дамуы бірнеше объективті және субъективті алғышарттармен негізделген деп ойлаймыз. Оның қатарына өткен тарихымызды, мәдениетіміз бен өркениетіміздің жақындығын, ортақ дінімізді және Кеңес үкіметі ыдырап жаңа тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуын жатқызуға болады. Сонымен қатар, ең бастылардың қатарына Қазақстан Республикасы мен араб елдерінің сыртқы саясатта ұстанған бағыттары кіреді. Өйткені екі мемлекеттің арасындағы сыртқы саяси өзара қарым-қатынасты құруда айқындауыш рөлді жоғарғы басқарушылар, оның ішінде екі мемлекеттің саяси лидерлерінің саяси қызметі ойнайды.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы мен араб елдері арасындағы екіжақтық сыртқы саяси қатынастарды орнатудың объективті алғышарттары ретінде халықаралық қатынастар жүйесіндегі, әлемдегі, аймақтағы екі мемлекеттің ұлттық және геостратегиялық, сыртқы саяси мүдделерін қарастыруға болады. Оның үстіне әлемдік қоғамдастықтағы барлық тәуелсіз мемлекеттердің өзара байланыстары мен өзара бір-біріне тәуелділігін ескеру қажет.

Қазақстан Республикасы посткеңестік кеңістікте пайда болған жаңа егеменді біртұтас мемлекет болып саналады. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін алуының өзін Қазақстан Республикасы мен араб елдері арасындағы сыртқы саяси қатынастарды орнатудың объективті алғышарттары ретінде қарастыруға болады деп ойлаймыз.

1990 жылы 25 қазанда «Қазақ КСР-дің мемлекеттік егемендігі туралы декларация» қабылданды. Бұл декларацияда Қазақстан халықаралық қатынастардың дербес субъектісі болғанын жария етті, яғни ол сыртқы саясатын өзінің ұлттық мүдделеріне сай анықтайды, шет елдерде дипломатиялық және консулдық өкілдіктерін құра алады, әртүрлі халықаралық ұйымдардың қызметтеріне қатыса алады.

Мәскеуде 1991 жылдың тамызындағы жағдайлардан және КСРО-ның ыдырауынан кейін Қазақстанда маңызды саяси өзгерістер болды, олар осы мемлекеттің саяси құрылымның түбегейлі өзгерістеріне әкеліп соқты. Сөйтіп, 1991 жылдың 1 желтоқсанында бүкіл халықтың дауыс беруімен Қазақстан Республикасының Президенті – Н.Ә. Назарбаев сайланды. 1991 жылдың 10 желтоқсанында республиканың Жоғарғы Кеңесі «Қазақ Кеңес Әлеуметтік Республиканың атауын өзгерту туралы» заңды қабылдады, соған сәйкес (заң бойынша) еліміз Қазақстан Республикасы болып қайта аталды.

«На пороге XXI века» атты кітабында Н.Ә.Назарбаев сол кездегі қиындықтар туралы зор жауапкершілікпен баяндайды: «Бізде бұрын сыртқы саяси қызмет дәстүрлері болған жоқ. Қазақстанның Сыртқы істер министрлігі нағыз дипломатиялық міндеттер орындаумен айналыспады. Өзінің алдында осындай күрделі мәселелер тұрған, бірақ шетелде бір де бір дипломатиялық өкілдігі болмаған сыртқы саяси дәстүрлерді айтпағанның өзінде, сыртқы саяси мәселелер жөнінде ең қарапайым әзірлемелері жоқ, білікті кадрлары тапшы елді көз алдарыңызға елестетіп көріңіздерші».

«Біздің сол кездегі жағдайымыз аса қайғылы болмаса да, соның аз-ақ алдында еді. Жеткілікті кемелденген әлеуеті, пайдалы қазбаларының орасан зор қорлары бар, білікті еңбек ресурстары, өз аумағында ядролық қаруы бар мемлекет – Қазақстанның бір де бір халықаралық шарты болған жоқ...».

«Егер біз шұғыл түрде өзіміздің сыртқы саясатымызды қалыптастыруды қолға

алмағанда, біздің мүдделерімізге орасан зор нұқсан келері де түсінікті», – деп атап көрсетті Н.Назарбаев өз кітабында [1, 211 б.].

1991 жылдың 16 желтоқсанында Жоғарғы кеңес «Мемлекеттің тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңды шығарады. Өзінің саяси тәуелсіздігі туралы бұл хабарландыру жаңа тәуелсіз мемлекетке халықаралық қатынастардың дербес субъектісі ретінде әлемдік аренаға шығуға мүмкіндік берді. Яғни, бұл нормативтік-құқықтық құжат республикаға сыртқы және ішкі саясатты өз бетімен анықтау құқығын белгіледі, халықаралық қатынастарының толық құқылы субъектісі статусын заңдастырды. Осы кезеңнен бастап Қазақстан Республикасында ұлттық мемлекеттің құрылуы басталды.

Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі аз ғана уақыт ішінде кейбір араб елдері бізге көңіл аударып бастады. Ресей саясаткері И. Кудряшев айтқанындай, КСРО-ның ыдырауы және әлемнің картасында бұрынғы одақ республикаларының арасына жаңа тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуы сауд саяси истеблишментінің Орталық Азия мен Кавказға тез арада көңілін аударды. Ресми Эр-Рияд Исламның дінінің таралу аймағын кеңейтуге және ірі мұсылман елдерін, ислам қауымдарын өз орбитасына кіргізуге құштар болды. Сонымен қатар саудтықтар исламаралық саяси аренада осы екі стратегиялық маңызды аумақтардағы бәсекелестері Иран мен Түркия рөлін шектеуге талаптанды [2, 110 б.].

Қазақстан тәуелсіздігін алған алғаш күндерінен бастап өзінің саяси және ұлттық геостратегиялық мүдделері мен мақсаттарына сай барлық мемлекеттермен екіжақты және көпжақты достық қатынастарын қалыптастыру саясатын белсенді жүргізе бастады, жылдан жылға халықаралық саяси және экономикалық кеңістігінде сыртқы саяси белсендігін ұлғайта және күшейте түсті. Тәуелсіз Қазақстан халықаралық құқық субъектісі ретінде келесі аспектілерді іске асыра бастады. Біріншіден, екіжақты немесе көпжақты сипаттағы халықаралық ұйымдармен, шет мемлекеттермен тікелей халықаралық байланыстар орната бастады. Екіншіден, әлемдік қауымдастықтағы елдермен түрлі сипаттағы және саладағы келісім шарттарға қол қоя бастады. Үшіншіден, түрлі егемен мемлекетер арасында дипломатиялық және консулдық өкілдіктермен алмасуды жүзеге асырды. Төртіншіден, халықаралық ұйымдардың (мысалы БҰҰ, ИБҰ) қызметіне қатысады.

1993 жылдың 28 қаңтарында қабылданған жаңа Конституция әлемдік қауымдастықтағы Қазақстанның мемлекеттік дамуының жаңа кезеңінің ашылуына түрткі болды. Бұл Конституция Қазақстан Республикасы демократиялық, зайырлы және унитарлық мемлекет екенін жария етті.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алған кейінгі екі айдан соң әлемнің 92 мемлекеті елімізді мойындады. Ал 1995 жылғы қарай Қазақстан Республикасын әлемнің 111 мемлекеті мойындады, олардың 92-сімен дипломатиялық қатынастар орнатқан болатын. Қазіргі уақытта Қазақстан әлемнің 130 мемлекетімен дипломатиялық қатынастар орнатқан. Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін мемлекеттің егемендігін, тәуелсіздігін және ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуіне бағытталған сыртқы саясатының өз тұжырымдамасын қалыптастыруы қажет болғаны сөзсіз. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтің Сыртқы Істер Министрлігінің алқа мәжілісінде былай деді: «Бүгінгі күні Қазақстанның егемендігі барлық әлемдік көпшілікпен мойындалған, және де еліміз туралы көзқарас басқа. Халықаралық қауымдастық енді бізге қарап, қандай қабілеттері бар екенін тексермейді, керісінше бізбен байланыстарын реттейді» [3].

Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты ішкі де, сыртқы да, тарихи және саяси, экономикалық және мәдени факторлардың толық кешенін есепке алуы керек. Оның үстіне жоғарыда көрсетілгендей мемлекеттің географиялық орналасуын және геосаяси ортасын, мемлекеттермен арадағы тарихи және мәдени байланыстарды, Қазақстанның саяси және экономикалық дамуының деңгейі мен әлеуетіне көңіл аударатын болсақ, онда әртүрлі мемлекеттерге, оның ішінде мұсылман елдеріне қатысты Қазақстанның сыртқы саясатының ерекшелігі айқын көрінеді.

Қазақстан Республикасы мен араб елдері арасындағы сыртқы саяси қатынастардың орнатылуы, сондай ақ тарихи, мәдени, діни және өркениет алғышарттарымен айқындала

түседі. Екі мемлекеттің саяси тарихы Араб мемлекеттерімен және осы елдердің халықтарымен тығыз байланыстарын анықтауға мүмкіндік береді.

716 жылы Мұхаммед пайғамбардың өлімінен жүз жылдан аз уақыттан кейін Араб жаулап алушылары Мауараннахрға келіп, - Амудария мен Сырдария өзендерінің ортасы – орталық Азия аймақтарына қоғам дамуының басым факторы болып кеткен Исламды ғана әкелген жоқ, сонымен бірге өз мәдениетін, өркениетін және салт – дәстүрін, сондай-ақ саяси мемлекеттік құрылғыларының модельдерін әкелген. 893 жылы Саманид Исмаил ибн Ахмед қарлұқтарға шабуыл жасағанда Тараздағы несториандық шіркеуді бұзып, оның орнына мешіт қойды, ал сол кішігірім батыс – түрік хандықтарының халқын Исламға бұрды [4, 16 б.].

Исламмен бірге түріктерге мұсылмандық құқық әкелінді, оның дамуының негізгі көзі VIII-IX ғасырлардан бастап мұсылман құқықтық доктринасы болды. Сунит және шиит бағыттарындағы мұсылман құқықтық мектептер(мазхабтар) пайда болды. Ханафит пайымы Иранда, Сирияда, Түркияда, Орталық Азияда және Қазақстанда кең таралды [5, 134 б.].

Біздің ойымызша, арабтардың саяси мемлекеттік құрылым модельдері сол кездегі Қазақстан территориясында орналасқан көшпелі қоғамға көп әсерін тигізе қойған жоқ, басқа мемлекеттерге көбірек әсерін тигізді. Мысалы, Өзбекстанда және т.б. Сондай ақ, бұл тығыз байланыстар, әрине, заңсыз болды және тең құқылы болған жоқ. Араб үстемдігі халифат құрамына кірген оңтүстік Қазақстан аумағының тек кей бөліктеріне ғана әсер етті. Ал оңтүстік Қазақстанның көптеген аймақтаны мен Жетісуда араб жаулап алуының кесірі тек X - XI ғасырда көріне бастады. Араб жаулап алуы тек сыртқы фактор ғана болған жоқ. Ол халифатқа билігінің қол астындағы аймақтардың әлеуметтік – экономикалық, саяси және мәдени өмірінде, оның ішіндегі этникалық және тілдік үдерістерінде өз ізін қалдырды [6, 28 б.]. Қоғам өміріндегі маңызды өзгерістердің бірі – жаңа мемлекеттік дін – Ислам және араб тілі мен жазуының таралуы болды. Ежелгі түркі жазуы ығыстырылып, түркі лексикасына араб сөздері көптеп ене бастады.

Осылайша, бұрынғы заманнан бері арабтармен өзара әсері бар және рухани жағынан бірін бірі толықтыратын, мәдени т.б қатынастар пайда болды, өйткені қазақтардың көбісі Ислам дінін ұстанушылар, яғни мұсылмандар болды. Сол уақытта, байырғы тарихтағы өзара қарым – қатынастардың салдарынан, Қазақстан Республикасы мен араб елдері халықтарының әдеп - ғұрыптары және салт- дәстүрлерінің ұқсастықтарын байқаймыз.

Ислам дінін тарату арқылы арабтардың бай мәдениеті Орталық Азияға кірді. Саяси тарихтың көрсетуі бойынша, бұл беталыс қазақ халқының мәдениетіне, әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне, тіліне, діліне көп ықпалын тигізді. Тарихи деректер бұған куә, мысалы 1929 жылға дейін қазақтардың жазуы араб әліпбиіне негізделгенін бәріміз білеміз.

Сол кездегі Қазақстан территориясындағы Ислам дініне қызмет етушілер қоғамның әлеуметтік иерархиясының «ақ сүйек» деп аталатын жоғарғы сатысына кірді. Олар елдің саяси және рухани элитасының жоғарғы сатысына кіретін болған. Сондай-ақ исламға қызмет етушілер жоғарғы беделге ие болып, көшпелі қоғамда саяси салмағы ауыр болған. Қазақстан тарихшысы А. Абдақимов көшпенділердің өміріндегі исламның рөлін атап өту қажет деп санайды. Бұл дін Исламға дейінгі өмірді және дала тұрғындарының өмірлік көзқарасын бұзып, олардың тіршілік әрекетінің барлық жақтарына енуге тырысты [7, 90 б.]. Қазақстан аймағындағы ислам дінінің орнығуы көбіне араб елдерінен келген уағыздаушылардың қоғамдық қызметінің арқасында болды.

Ислам дініне тартылған халықтардың қоғамдық өмірі, салт-дәстүрі және тарихи тағдырлар деңгейіндегі айырмашылықтарының болуына қарамастан, мәдениеттердің өзара араласу нәтижесінде бірқатар халықтарға ортақ жалпы мұсылмандық мәдениет құрылды. Кят, Отырар, Тараз, Шаш, Бұхара, Самарқанд және басқа қалалар ірі мәдениет орталықтарына айналды, оларда әлХорезми, әлФараби, әлБируни, Әбу Әли ибн Сина және басқа да көптеген тамаша ғалымдар өмір сүріп, жасампаздық жұмыстар жасады. Халифаттың барлық аймағында әдеби араб тілінің енгізілуі көптеген көрнекі ғалымдар мен ақындардың өз шығармаларын осы тілде жазуына алып келді [6, 29 б.].

Қазақстан мен араб елдері арасында, әсіресе Египет Араб Республикасы арасындағы байланыстардың тарихи алғышарты ретінде Египет халқы әлі күнге дейін құрмет тұтатын Сұлтан Бейбарыс туралы айтпай кетсе болмас.

Қазақ елінің қапшақ руынан шыққан Мысыр сұлтаны аз-Заһир Бейбарыс әл-**Бундукдари** үлкен жетістіктері үшін тарихта аты қалған әміршілердің бірі, әрі бірегейі болып табылады. Ол бүкіл Ислам әлемінің дамуына өзіндік үлес қосқан, тарихта өшпес із қалдырған Мысыр сұлтаны, барша мұсылманға ортақ тұлғалардың бірі. Оның заманында Мысырдың экономикасы қарқынды дамып, үлкен құрылыстар жүргізіліп, елдің даңқы артып, сұлтанның есімі тарихта мәңгі қалды [8].

Бейбарыс асқан батырлығы, дарындылығы мен ақылының арқасында жас кезінен бастап қатарының алды болған. Басына төнген талай қиыншылықтарға мойымай, дұшпандарын жеңіп шығып, мұсылмандық хижра жыл санағы бойынша 658 жылы, яғни 1260 жылы Мысырдың билеушісі атанады.

Жаңа сұлтан билік басына келгеннен кейін ең қуатты араб еліндегі саяси кикілжің тоқтатылып, тұрақтылық орнайды. Мұны Бейбарыстың 17 жыл әміршілік құрып, алдыңғы сұлтандарға қарағанда әлдеқайда ұзақ мерзім тақ басында отырғанын ақ байқауға болар еді. Дәл осы Бейбарыстың билік құрған кезінде Мысыр елі крест басқыншыларына, Шыңғыс ханның немересі Құлағудың әскеріне тойтарыс беріп, мұсылманның қасиетті мекенін аман сақтап қалған. Бейбарыстың осындай ерліктеріне араб тарихшылары әлі күнге дейін рахмет айтып келеді.

Сонымен қатар Мысыр мен Сирияның сұлтаны болған Бейбарыс көптеген медреселердің, мешіттердің салынуына мұрындық болып, өз мемлекетінің аумағында арақ-шарап, сыра, есірткі сияқты еліртпе заттарға тыйым салып, таза мұсылмандық дәстүрді уағыздағаны белгілі болып отыр [9].

Қазақстан мен Сауд Арабиясының арасындағы қарым-қатынастың орнауына жоғарыда айтылған тарихи оқиғалардан басқа, тағы бір айта кететін жайт – ол 1927-1935 жылдар аралығында Сауд Арабиясында КСРО-ның тұңғыш елшісі болған қазақ азаматы, Нәзір Төрөқұловтың дипломатиялық қызметі. Н.Төрөқұлов сол кездері өзін білікті дипломат ретінде таныта білді. Ол аз ғана уақыт ішінде араб тілін үйреніп, аудармашысыз келіссөздер жүргізе алатын жағдайға жеткен. Өзін мұсылман санап, қажылыққа барған, Сауд Арабиясының мықты діни қызметкерлерімен Ислам діні туралы сөз таластыра білген.

Сонымен қатар, сол кездегі әлеуметтік жағдайы өте төмен Сауд Арабиясына көп көмегі тиген. Осы жағдайлардың барлығы оның саяси элитамен, корольдің жанұясымен, оның ішінде, король Абдел Азиздің жеке басымен тығыз қарым-қатынас орнатуға алып келді. Н.Төрөқұловтың Жиддадағы қызмет еткен уақыты Кеңес Одағымен Сауд Арабиясы арасындағы қарым-қатынастың жарық беті болатындығы ешқандай дау тудырмайды. Сондықтан да, осындай елшінің репрессияға ұшырауы Кеңес Одағы мен Сауд Арабиясы байланыстарының үзілуіне алып келді.

1996 жылы Эр-Риядта тәуелсіз Қазақстанның Сауд Арабиясындағы тұңғыш елшісін қабылдаған кезде Эр-Рияд губернаторы Ханзада Салман бен Абдел Азиз былай деген еді: «Сауд Арабиясындағы Кеңес Одағының тұңғыш елшісі сіздің елден, мұсылман екенін білеміз. Сондай-ақ, оның Мәскеуге шақыртып алғаннан кейін атылған да бізге мәлім. Бұл оқиға, сол кездегі сауд билеушісін, Корольдіктің негізін қалаушы король Абдел Азизді қатты қайғыртқаны соншалық, ол енді бұдан қайтіп КСРО-мен қарым-қатынасты жалғастырудан бас тартады. Не король Абдел Азиздің өзі, не болмаса оның тағын иеленуші мұрагерлердің бірде-бірі бұл шешімді өзгертпей, кеңес көсемдерінің – Сталин, Хрущев, Брежнев, Андропов, тіпті Горбачевтің ұсыныстарына қарамастан, Мәскеумен қарым-қатынас орнатудан бас тартады». Тек, 90-шы жылдардың басында Кеңес Одағының ыдырауы анық көрінгеннен кейін ғана Ресеймен қарым-қатынас орнатуға келісімдерін береді.

Сонымен бірге, Ханзада Салман сол кездесуде Қазақстан Елшісінің жас Қазақстан мемлекетінің елшілігін салуға Эр-Риядтан қайтымсыз негізді тегін жер бөліп беруін сұрағанда ол: «Сіздің жеріңіз дайын, Елші мырза, ол сіздерді 70 жыл бойы күтуде» деген еді

[10, 233 б.].

Осындай тарихи оқиғалар, қазақ жерінен шыққан тарихи тұлғалардың еңбегі және ғасырлар бойы дәстүрімізге сіңген араб мәдениеті Қазақстанның саяси ой қалыптастыру үрдісіне өзінің маңызды әсерін көрсетті. Бұдан араб елдері мен Қазақстан арасындағы сыртқы саяси қатынастарды орнатудың мәдени алғышарттары шығады, өйткені үзілген мәдени қатынастарды қайта құру екі елге қажет болып отыр. Біздің көзқарасымыз бойынша рухани және мәдени жан жақты байланыстар мен қатынастар екі мемлекеттің халықтарын тек байыта түседі.

ҚР мен араб елдері арасындағы сыртқы саяси қатынастарды орнатудың діни алғышарттары келесі жайттарға байланысты болып отыр. Соңғы жылдарда дін біздің республикамыздың әлеуметтік – саяси өмірінде айтарлықтай үлкен рөл ойнай бастады.

Дін адамзаттың рухани мәдениетінің маңызды бір бөлігі болып келеді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев былай дейді: «Біз зайырлы, демократиялық, құқықтық және әлемге ашық мемлекетті құраймыз. Бұл принциптер біздің Конституциямызда бекітілген. Мемлекетті діннен бөле отырып, біз конфессия мен дінге сенушілік еркіндігін шектемейміз. Өзара сыйластықта болатын конфессияаралық қатынастар қолдауды қалай қажет етсе, көпшілік діндерге тән мықты рухани бастау мен адами құндылықтар да сондай қолдауды қажет етеді» [11].

Біздің көзқарасымыз бойынша қандай да болмасын халықтың дінге деген көзқарасы бөлек мемлекеттердің ішкі саяси өмірінде қалай болса, мемлекет аралық байланыстарды бекіту және дамытуда да сондай нақты бір (кейде Сауд Арабия Корольдігі үшін аса маңызды) рөл ойнайды. Ислам әлемдік діндер ішіндегі христиан дінінен кейін екінші орында тұр. Ислам (араб тілінен – «тілалушылық», «табынбаушылық», «басынқы») – ең жас әлемдік дін: ол б.з. VII ғ-дың басында пайда болған. Әр түрлі дерек көздері бойынша әлемнің 127 мемлекетіндегі 1-ден 1.5 млрд дейінгі адам осы дінді ұстанады. Өткен жүз жылдықта әлемде мұсылмандар саны 7% -ға өсті – қазір олар жер халқының 20 %-ын құрайды. Бұдан басқа, ислам әлем қоғамдастығының бірқатар мемлекеттерінің мемлекеттік діні болып табылады. Сауд Арабиясында халықтың 100% - ы мұсылман дінін қабылдаған. Ал Сирияда 90 %-ы мұсылман дінін қабылдаған. [12, 37 с.].

Ислам – Қазақстан Республикасы халқының көпшілігінің діні. Рухани билік республикада 11 миллионнан аса мұсылман, оның ішінде 24 ұлт өкілдері бар деп есептейді. Қазақстан Республикасында осылай халықтың 65 %-ы ислам дінін ұстанады. Мұсылман халқы басым мемлекеттерде билік ететін элиталар сыртқы саяси шешімдерді қабылдау және жүзеге асыруға дайындау үрдісінде, сыртқы саяси жағымды жақтарын қою кезінде өз мемлекеттерінің дінге сенетін азаматтарының көңілін есепке алулары керек. Жақындастық бұрынғы Кеңес кезеңінің мұсылман халықтары ұлттық рухани байлықтарының қайта тууына әкелуі тиіс. Бұдан араб елдері мен Қазақстан Республикасы арасындағы сыртқы саяси қатынастарын орнатудың діни алғышарттары шығады, өйткені үзілген рухани өзара қатынастарды қайта орнату, Қазақстанда ислам дінінің қайта құрылуы қажет болды.

Қазіргі саяси ғылымда әрбір мұсылман елінің, әсіресе Сауд Арабиясының халықаралық қатынастардағы кез келген сыртқы саяси акциясы «исламдық» немесе «исламдық факторға» негізделеді деген пікірлер айтылады. Біздің пайымдауымызша, бұл жаңсақ айқындама, себебі бүгінгі таңда діни фактордың мұсылман елінің сыртқы саясатына ықпал ету деңгейін анықтау күрделі болып табылады. Геостратегиялық, геосаяси, этносаяси, тарихи, мәдени және басқа да факторлар исламға ешқандай қатысы жоқ сыртқы саяси курсты өткізуде үлкен роль атқарады [13, 26 б.].

Қорытындысында төмендегідей пайымдауларды айтуға болады.

Біріншіден, тарихи, мәдени, діни, өркениеттік және басқа да объективті және субъективті алғышарттар Қазақстан Республикасы мен араб елдері арасында сыртқы саяси қатынастарды орнатуға себепші болды. Қазақстан Республикасы мен араб елдерінің өркениетінде тарих, мәдениет салаларында, діни сенім мен тұрмыс дәстүрінде көптеген ортақ жақтары бар.

Екіншіден, тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан өзінің стратегиялық орналасуымен және табиғи байлықтарымен көптеген араб елдерін оның ішінде Египеттің, Сауд Арабиясының көңілін аударды. Бір себептен, жас республика осы елдермен неғұрлым ертерек сыртқы саяси қатынастар орнатқысы келді, қажетті экономикалық және ғылыми – техникалық көмек алып, өзінің халықаралық аренадағы беделін көтергісі келді.

Үшіншіден, Қазақстан Республикасы мен араб елдері арасындағы гуманитарлық, әлеуметтік, экономикалық және т.б. салалардағы тең құқылы ынтымақтастықты қамтамасыз ету мәселесі өзекті болды. Тарихы, тығыз туысқандық қатынастары, сондай-ақ өзара әсерлі мәдениеті, өнері және әдебиеті ортақ бұл мемлекеттер халықтарының қатынас еркіндігін қамтамасыз ету қажеттігі пайда болды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. – Алматы: Өнер, 1996. – 288 с.
2. Кудряшов И. Саудовская Аравия: отношения с мусульманскими государствами СНГ и субъектами Российской Федерации // Центральная Азия и Кавказ. – 2003. - №2 (26). – 109-114 бб.
3. Укреплять международные позиции Казахстана // Казахстанская правда. – 15 сентябрь. – 1998 г.
4. Керимов Г.М. Шариат и его социальная сущность. М., 1978, 16 с.
5. Кляшторный С., Султанов Т. Казахстан: Летопись трех тысячелетий. – Алматы: Рауан, 1992. - 134 б.
6. Учебное пособие по истории Казахстана с древнейших времен до наших дней. – Алматы, 1992. – 171 с.
7. Абдакимов А. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). – Алматы, 1994. – 235 с.
8. Ибадуллаев С.: Сұлтан Бейбарыс.<http://www.muftyat.kz>
9. Жұмалы Р. Әр қазақтың жүрегінде отанына шексіз берілген ердің үлгісі ретінде қала бермек. «Аңыз адам» журналы №22 (58) қараша 2012 жыл.
<http://anyzadam.kz/>
10. Амреев Б. Казахстан и Саудовская Аравия. - Астана: Елорда, 2003. – 280с.
11. Назарбаев Н.А. О положении в стране и основных направлениях внутренней и внешней политики на 1997 год. Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана // Мысль.- 1996.- №12. – 1-8 б.
12. Заславская М.Б. Полувековой арабо-израильский конфликт. Известия МОН РК. НАН РК. Серия общественных наук. 2000 №5
13. Аргынгазин Т.М. Некоторые предпосылки установления внешнеполитических отношений Казахстана с Саудовской Аравией// Қазақ өркениеті. - 2006. - №4 (24). 21-27 бб.